

## 1995 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген шығыстарды қаржыландыру Ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 20 ақпан N 174

Республикалық бюджетте тұратын ұйымдар мен мекемелердің жалақыға, тамақтануға, стипендияға, дәрі-дәрмекке және басқа да қауырт мұқтаждарына арналған шығыстарды дер кезінде қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді  
1995 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген шығыстарды қаржыландыру Ережесі/қоса беріліп отыр/ 1995жылғы 1 наурыздан бастап бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
П р е м ь е р - м и н и с т р і

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 ж. 20 ақпандағы  
N 174 қаулысымен  
бекітілген

1995 жылға арналған республикалық бюджетте  
көзделген шығыстарды қаржыландыру  
Е Р Е Ж Е С І

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарының тоқсандарға бөлінген жылдық мөлшерін жасап, оны Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бекіткен соң екі апта мерзімі ішінде Қаржы министрі бекітеді. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі республикалық бюджетке өзгерістер енгізген жағдайда бюджеттің кірістері мен шығыстарының

мөлшері нақтыландырылады. Кірістер мен шығыстардың мөлшері бекітілген бюджет көлемінде көзделген шараларды қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығына беріледі. Қаржыландыру республикалық бюджетте бар қаржы ресурстарының шегінде жүргізіледі.

Кредиттердің бас бөлушілеріне қаражат әрбір бес күн сайын

немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген басқа да мерзімде босатылады.

Бюджетті орындау процесінде ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің шығыстарын жабу үшін шығыстардың ірілендірілген үш тобы бойынша қаржыландырудың төмендегідей тәртібі белгіленеді:

- 1/ қауырт мұқтаждар;
- 2/ ағымдағы шығыстар;
- 3/ күрделі шығыстар.

Бірінші тобы бойынша бірінші кезекте шығыстардың мынадай баптары:

а/ - қосымшаларымен жалақы;

- стипендиялар;
- зейнетақылар;

- Абайдың 150 жылдығына арналған шараларды қаржыландыру

жөніндегі шығыстар;

- Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына арналған

шараларды қаржыландыру жөніндегі шығыстар;

б/ - тамақтандыру;

- дәрі-дәрмек шығыстары қаржыландырылады.

Екінші тобы бойынша мынадай шығыстар:

- шаруашылық шығыстары;

- іссапарлар мен қызмет бабындағы сапарлар;

- жабдық пен мүкәммал, жұмсақ мүкәммал мен киім-кешек сатып

алу шығыстары қаржыландырылады.

Шығыстардың үшінші тобы бойынша мынадай шығындар:

- үйлер мен ғимараттарды күрделі жөндеу;

- күрделі қаржы шығыстары;

- өзге де шығыстар қаржыландырылады.

Республикалық бюджетте ресурстар болған жағдайда, Қазынашылықтың Бас басқармасы бірінші кезекте бірінші топтың /"а"және "б"тармақшалары/ шығыстарын қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

Бірінші бескүндікте бөлінген соманың 35 процентінен аспайтын мөлшерде әскери қызметшілер зейнетақысына арналған шығыстарды қаржыландыру жүзеге асырылады әлеуметтік-мәдени мекемелерінде тамақтануға арналған шығыстар бөлінген соманың 15 процентінен аспайтын мөлшерде қаржыландырылады. Осы кезге дәрі-дәрмекке арналған /25 процент/ шығыстар да қаржыландырылады. Қалған сома Абайдың 150 жылдығына және Жеңістің 50 жылдығына /5 процент/ арналған шараларды және сыртқы экономикалық қызметті /20 процент/ қаржыландыруға жұмсалады.

Екінші және бесінші бескүндіктерде бюджеттік ұйымдар мен мекемелердің жалақы мен оған қосымшаларға арналған шығыстары /90 процент/ қаржыландырылады. Стипендияға арналған шығыстар екінші және үшінші бескүндіктерде тең бөлікте, бірақ бөлінген соманың 10 процентінен аспайтын мөлшерде жүргізіледі.

Үшінші бескүндікте бөлінуге жататын соманың 40 процентінен аспайтын мөлшерде астық сатып алуға, нан және нан-тоқаш өнімдері, мақта бағасындағы айырмашылықтың орнын толтыру жөніндегі берешекті өтеуге арналған шығыстар қаржыландырылады. Соманың кемінде 30 проценті бюджеттік мекемелердің шаруашылық және басқа шығыстарын өтеуге жұмсалады. Қалған сомасы /20 проценті/ республикалық бюджеттің операциялық және өзге де шығындарына бағытталады.

Төртінші бескүндікте нысаналы қаржыландыру қорынан әскери қызметшілерді тамақтандыруға /50 проценті/, субвенцияларға арналған, мемлекеттік борышты қамту жөніндегі шығыстар /40 проценті/ қаржыландырылады. Бұл ретте төртінші бескүндікте нысаналы қаржыландыру қоры бойынша кредит беру қорға түскен соманың 50 процентінен аспайтын мөлшерде, бірақ республикалық бюджеттің шығыстары бойынша көзделген сомадан аспайтын мөлшерде жүргізіледі, соның ішінде 30 проценттен аспайтын сомасы Экономиканы жаңғырту қоры мен Жол қорына, 10 проценттен аспайтыны Қазақстан Республикасының Жер қойнауын және минералдық шикізат базасын ұлғайту қорына және 10 проценті басқа қорларға жіберіледі.

Алтыншы бескүндікте нысаналы қаржыландыру қоры, субвенциялар мен мемлекеттік борыш жөніндегі /75 процент/ шығыстар қаржыландырылады. Сыртқы экономикалық қызметке арналған шығындар алғашқы бескүндікте 20 процент, төртіншісінде - 10 процент және алтыншысында 10 процент көлемінде жүргізіледі. Қаржыландыруға көзделген қалған сома бесінші және алтыншы бескүндіктерде 10 процентінен аспайтын мөлшерден халықтың әртүрлі топтарына жеңілдіктер төлеуге жұмсалады.

Әрбір бескүндік сайын түсетін соманың 10 процентіне дейінгі күтпеген шығындарды қаржыландыруға бағытталуы мүмкін деп белгіленсін.

Республикалық бюджеттің шығыстарын кезек күттірмей қаржыландыруды талап ететін күтілмеген жағдайлар бола қалғанда Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің қаржыландыруға жатқызылатын қаражат бөлудің тәртібіне өзгерістер

енгізуге

құқы

бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ